

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Г.А.Дуйсенова

2019-2020 оқу жылында мектеп кітапханасының жылдық жұмысының есебі

2019-2020 оқу жылының көрсеткіштері:

Кітапхана қоры – 12950 кітап соның ішінде:

Оқулықтар қоры - 6189

Оқулықтар – 4629

Әдістемеліктер – 1189

Электрондық оқулықтар – 371

Негізгі қор – 6761 соның ішінде:

Көркем әдебиет – 4419

Балалар әдебиеті – 884

Салалар бойынша – 1458

Жаңа 2019-2020 оқу жылында 4,9,10 сыныптарына жаңа оқулықтар тапсырыс беріліп алынды, оқушылар оқулықпен 100% қамтылды.

Мектеп кітапханасының 2019-20 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар. Кітапханалық қызмет көрсету, ұйымдастыру бойынша әрбір оқырманға білім саласы бойынша көмек берілді. Олимпиадаға оқулықтар, анықтамалықтар, сөздіктер, энциклопедиялардан оқушылар мәліметтер алып өз жұмыстарында қолданды. Кітапхана газет-журнал баспасөз басылымдарымен қамтамасыз етілді. 2020 жылы I,II ж.ж. 27 абонент мерзімді басылымдарға мекеме тарапынан 150000-ға жазылынды.

Кітапхананың бақылау көрсеткіштерінің орындалу жұмыстары бойынша 2019-20 оқу жылында кітап қоры 3481 дана 5260886 теңгеге жаңа оқулықпен толықты, соның ішінде оқулық 1539, әдістемеліктер 207, электрондық оқулық 149 және көркем әдебиет 97 дана. (дәптерлер 1509). 2019 жылдың қорытындысы бойынша 2002724 теңгеге 2442 дана уақытша сақталатын оқулықтар мен дәптерлер мерзімі біткені себебімен қордан шығарылды.

2019-2020 оқу жылында мектеп кітапханасында тұрақты кітап көрмелері: «Келешекті болжаған кемел жолдау», «Туған жерім – Қазақстан», «Мемлекеттік тіл – бірліктің тілі», «Ертегілер елінде», «Бір ел – бір кітап», «Мәдени мұра – ғасырлар куәсі», «Атамекен – Ақжайық», «Рәміздер – Тәуелсіздік тұмары», «Абай тағылымы» және ақын-жазушылардың мерейтойларына арналған «Әдеби күнтізбе».



Қыркүйек айында қауіпсіз интернет апталығына байланысты мектеп кітапханасында «Интернет орнына - кітап» атты бір күндік акция өткізілді. Бұл акция барысында жас мөлшеріне қарай кітаптар дайындалып қойылды, қоңырау





кезінде оқушылар өзіне ұнаған кітабын оқыды.

Қазан айында 2017 жылдан бастау алған «Әдеби Ақжайық» жобасы бойынша Ж.Молдағалиевтың «Мен қазақтың» поэмасының 55



жылдығына арналған Readx 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Шара барысында ақынның Жайықтың әсем көрінісін өрнектелген «Сағындым Жайық» өлеңі бейнероликтен тыңдалды. Ж. Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасы — "Мен — қазақтың" поэмасын 9 «а» сынып оқушылары А.Утешева, Б.Қуанышқалиева дауыстап оқып берді. Сонымен қатар 11 сынып оқушыларының өз таңдауларымен оқып ұсынған кітаптары: Ә.Насиболла Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», А.Дауылбаева Ж.Аймауытов «Қартқожа».



Кеңес Одағының Батыры, ауданымыздың мақтанышы С.Ш.Жақсығұловтың туған күніне арналған «Аты аңызға айналған батыр» атты ерлік сағаты 5-10 сынып оқушыларының қатысуымен



ұйымдастырылды. Шара барысында С.Жақсығұловтың өмірі мен соғыстан кейін атқарған қызметі туралы мәлімет берілді. Оқушыларға «Жеңісті жақындатқандар!» атты Садық Шакелұлымен түсірілген сұхбат бейнефильм және «Батыр даңқы өшпесін» атты слайд көрсетілді. А.Нәріковтың батырға арнап жазған кітабынан «Днепр, Днепр, Днепр...» атты шығармасынан үзінді дауыстап оқылды. Шара соңында батырға арналған «Батыр даңқы мәңгілік» атты кітап көрмесіне шолу жүргізілді.



Қараша айында «Мен оқығанымды ұсынамын» атты Readx 7-8 сынып аралығында кітапханада ұйымдастырылды. Бұл шарада оқушылар өздерінің



таңдауымен оқыған кітаптарын ұсынды. Алғашқы қатысушы 7 «а» сынып жетекшісі А.Б.Зейнуллаева М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», 8 «а» сынып оқушысы А.Бекболова шетел жасөспірім әдебиетінен Джеймс Гринвудтың «Өгей бала», 7 «а» сынып оқушысы И.Ибатов Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа», 7 «а» сынып оқушысы Ж.Сисекешев Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», 8



«а» сынып оқушысы А.Талапова А.Беляевтың «Адам – балық» кітаптарын оқуға ұсынды.



1 желтоқсан ҚР Президенті күніне арналған «Ұлы тұлғаға құрмет» атты кітап көрмесі, 16 желтоқсан ҚР тәуелдсіздігі күніне арналған «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты кітап



көрмесі дәлізде ұйымдастырылды.



Ақын Ф.Оңғарсынованың 75 жасқа толуына орай «Жыр әлемі» атты поэзия кеші оздырылды. Ақын өмір бойы әйелдер мен балалардың жанашыры, қорғаушысы болған, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты кезінде «ҚР баланың құқығы туралы» және «Ана мен баланы қорғау туралы» заңдардың жобаларын дайындағаны



туралы мәліметтер берілді. Ақынның «Өзіме сын», «Домбыра», «Қазақстан», «Туған жер», «Балалыққа саяхат» атты өлеңдері мәнерлеп оқылды. Ақынмен жүргізілген сұхбатының бейне материалы үлкен экраннан оқушыларға көрсетілді, шара соңында ақынның артына қалдырған еңбектерімен таныстырылды.



Қаңтар айында Жайық ақыны, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, халық жазушысы Қ. Мырза Әлидің 85 жасқа толуына «Бар қазақ қадірлеген Қадыр ақын» атты поэзия сағаты 4-5 сынып оқушыларымен кітапханада өткізілді. Мақсаты: Ақжайықтың ақыны - Қ.Мырза Әлі туралы оқушыларға түсінік беру; оқушыларды Отанымызды сүйуге, ана тілімізді құрметтеуге және туған жерін, елін сүйуге баулу. Шара барысында

Қадыр Мырза Әлидің өмірбаянына, шығармашылығына шолу жүргізілді. Ақынның жазған өлеңдерін 4,5 сынып оқушылары «Орман», «Бауырлар», «Болжам», «Дала», «Әжемнің ақылы» және т.б. өлеңдерін оқып берді. Шара соңында кітапханашы «Қазақтың Қадыры» атты кітап көрмесіне шолу жүргізді. Көрмеге ақынның кітапнада бар кітаптарын, газет-журналдар беттерінде жарық көрген мақалалар және де басқа жарық көрген кітаптары туралы айтып өтті.



Ақпан айында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері, қазақтың аса көрнекті ақыны М.Мақатаевтың туған күніне орай «Бүгін менің туған күнім...» атты кітап көрмесі кітапханада ұйымдастырылды.

Өлкетану әдебиеттерін насихаттау ақын Т.Молдығалиевтың туғанына 85 жыл «Ақындық құпия сыры» атты тәрбие сағаты 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен

өткізілді. Шара барысында Т.Молдығалиевтың өмірбаянына, шығармашылығына шолу жасалды, 2-4 сынып оқушылары ақынның «Тәуелсіздік туы астында», «Құлыншақ», «Құстар келді», «Әжем менің», «Мектепке барамын» атты өлеңдерін жатқа оқып берді. Шара соңында кітапханашы Г.Таубаева ақынның жазған еңбектерімен таныстырды және ақынмен түсірілген сұхбат видеосы көрсетілді.

IY тоқсан кезінде елімізде төтенше жағдайға байланысты мектеп кітапханасының жұмысы онлайн түрінде жалғасты. Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай оқырмандарға «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты онлайн Readx жобасына 9а сынып оқушысы Утешева Аяулым Қ.Қайсеновтың «Ағалар туралы аңыз» кітабын, 6б сынып оқушысы Джанакова Ажар Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» кітабын онлайн ролик түрінде әлеуметтік желісінде ұсынды. Оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатында отбасылық оқу сәтінен жіберген фото суреттерден библиотерапия фото көрме әлеуметтік желісіне жүктелді.

Кітапханашы: Г.Таубаева